

«ПОЗИТИВ-А» АҚ

Қаржылық есептілік

2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін

Тәуелсіз аудитордың есебімен бірге

Бет.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ

Қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы есеп-----	1
Жиынтық кіріс туралы есеп -----	2
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп -----	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп -----	4
Қаржылық есептілікке ескертпелер -----	5-29

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

«ПОЗИТИВ-А» АҚ Акционеріне және Басшылығына

Пікір

Біз «ПОЗИТИВ-А» АҚ-ның (бұдан әрі – «Компания») жеке қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы жеке есеп, жиынтық кіріс туралы жеке есеп, көрсетілген күні аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған жеке қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жеке қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының жеке қозғалысы мен жеке қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз бұдан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне (тәуелсіздіктің халықаралық стандарттарын қоса) (бұдан әрі – БХЭСК Кодексі) сәйкес Компанияға қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Жеке қаржылық есептілікке қатысты басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық осы жеке қаржылық есептілікті дайындауға және оның ХҚЕС сәйкес шынайы ұсынылуына, сонымен қатар басшылықтың пікірінше алаяқтық немесе кателесуден болатын айтарлықтай бұрмалаушылықтары болмайтын жеке қаржылық есептілікті дайындауға қажет болатын ішкі бақылау жүйесіне жауапты. Жеке қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, қызмет үздіксіздігіне байланысты деректерді тиісті жағдайларда ашып көрсетуге және қызмет үздіксіздігі жорамалы негізінде есептілікті дайындауға, жағдайларды немесе оның тарату немесе қызметін тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Компанияның жеке қаржылық есептілігін дайындауын бақылауға жауапты.

Аудитордың жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан жеке қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізді қосатын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Орынды сенімділік – сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ ол ХАС сәйкес жүргізілген аудит барысында елеулі бұрмалаушылықтар бар болған жағдайда олардың әрдайым анықталуының кепілдігі болып табылмайды. Бұрмалаушылықтар ықылассыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесінде туындауы мүмкін. Егер бұрмалаушылықтар пайдаланушылардың қаржылық есептілік негізінде қабылдайтын экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алса, елеулі бұрмалаушылықтар болып есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдау қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәншілдік сақтаймыз. Бұған қоса, біз келесілерді орындаймыз:

- ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан жеке қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді өзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықылассыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айланып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдер өзірлей мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін зерделейміз, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жайында пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мөндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- басшылық қызмет үздіксіздігі жорамалын қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алатынына елеулі күдік тудырта алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есебімізді жеке қаржылық есептіліктегі тиісті ақпарат ашуға назар аудартуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаған болса, пікірімізде ескертпе жасаймыз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есебіміздің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелерге негізделген. Алайды, келешек оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылуына өкелуі мүмкін;
- жеке қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымын және масмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ қаржылық есептілікте оның негізі болатын операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуінің қамтамасыз етілуін бағалаймыз;



Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалармен ақпараттық әрекеттесуді жүзеге асырып, оларды аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері жөніндегі, сондай-ақ аудит барысында анықталған елеулі ескертулер, соның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.

Аудит нәтижелері бойынша осы тәуелсіз аудитордың есептілігін шығаруға аудитті жүргізуге жауапты серіктес, – Дильшат Курбанов.

TOO "RSM Qazaqstan"

Дильшат Курбанов
Аудит бойынша серіктес



050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Достық даңғ., 43, «D43» бизнес-орталығы, 302-кеңсе

2023 жылғы 8 маусым

Айсулу Нарбаева
Аудитор /Бас директор
«RSM Qazaqstan» ЖШС



Аудитордың біліктілік куәлігі
1994 жылғы 21 қазандағы № 0000137

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Ішкі мемлекеттік аудит комитеті 2019 жылғы 24
желтоқсанда берген № 19024411 Қазақстан
Республикасының аумағында аудиторлық
қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия

«RSM Qazaqstan» ЖШС RSM қатысушыларының фирмалар желісінің мүшесі болып табылады. RSM желісіне қатысатын әрбір фирма тәуелсіз заңды тұлға болып табылады. RSM желісін Англия мен Уэльсте тіркелген RSM International Limited компаниясы басқарады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша

Мың теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсан 2022 жыл	31 желтоқсан 2021 жыл
Активтер			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	5	36	344
Берілген қарыздар	6	73.904	73.904
Инвестициялық бағалы қағаздар	7	3.527.436	3.527.436
Негізгі құралдар	8	36.774	41.382
Кейінге қалдырылған салық активі	10	16.497	50.451
Басқа да активтер		3.988	2.990
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		3.658.635	3.696.507
Міндеттемелер			
Алынған қарыздар	9	4.066.123	3.910.338
Басқа да міндеттемелер		3.697	741
Міндеттемелер жиыны		4.069.820	3.911.079
Капитал			
Акционерлік капитал	11	978.088	978.088
Жинақталған шығын		(1.389.273)	(1.192.660)
Капитал жиыны		(411.185)	(214.572)
КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		3.658.635	3.696.507

Есеп саясаты және түсіндірме ескертпелер
осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі.

Компания Бас директоры атынан 2022 жылдың 8 маусым күні қол қойылып шығарылды:

Бас директор



Вострецова Н.А.

Бас бухгалтер

Едігеев А.Л.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2022 жыл	2021 жыл
Пайыздық кірістер		—	4
		4	4
Бағамдық айырма бойынша таза (шығыс) / кіріс		(130.116)	(65.779)
Қызметкерлерге жұмсалатын шығындар	12	(13.272)	(12.482)
Басқа да операциялық шығындар	12	(20.924)	(15.711)
Басқа кірістер		1.653	1.032
Салық салынғанға дейінгі шығын		(162.659)	(92.936)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	10	(33.954)	(19.839)
Бір жылғы таза шығын		(196.613)	(112.775)
Басқа жиынтық кіріс		—	—
Бір жылғы жиынтық шығын жиыны		(196.613)	(112.775)

Есеп саясаты және түсіндірме ескертпелер
осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі.

Компания Бас директоры атынан 2022 жылдың 8 маусым күні қол қойылып шығарылды:

Бас директор



Вострецова Н.А.

Бас бухгалтер

Едигеев А.Л.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін

<i>Мың теңгемен</i>	Акционерлік капитал	Жинақталған шығын	Капитал жиыны
2021 жылдың 1 қаңтарына	978.088	(1.079.885)	(101.797)
Бір жылғы шығын жиыны	–	(112.775)	(112.775)
Басқа жиынтық кіріс	–	–	–
Бір жылғы жиынтық шығын жиыны	–	(112.775)	(112.775)
2021 жылдың 31 желтоқсанына	978.088	(1.192.660)	(214.572)
Бір жылғы шығын жиыны	–	(196.613)	(196.613)
Басқа жиынтық кіріс	–	–	–
Бір жылғы жиынтық шығын жиыны	–	(196.613)	(196.613)
2022 жылдың 31 желтоқсанына	978.088	(1.389.273)	(411.185)

*Есеп саясаты және түсіндірме ескертпелер
осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі.*

Компания Бас директоры атынан 2022 жылдың 8 маусым күні қол қойылып шығарылды:

Бас директор



Вострецова Н.А.

Бас бухгалтер

Едигеев А.Л.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2022 жыл	2021 жыл
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Алынған пайыздық кіріс		1.849	730
Кадрлық шығындар және басқа да төленген операциялық шығыстар		(27.826)	(23.644)
Корпоративтік табыс салығына дейінгі операциялық қызмет бойынша ақша қаражатының таза жұмсалуды		(25.977)	(22.914)
Төленген корпоративтік табыс салығы		-	-
Операциялық қызмет бойынша ақша қаражатының таза жұмсалуды		(25.977)	(22.914)
Инвестициялық қызметтен түсетін ақша ағындары			
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	7	-	(1.500)
Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражатының таза жұмсалуды		-	(1.500)
Қаржылық қызметтен болған ақша ағындары			
Қарыздардың түсуі	9	25.669	21.200
Қарыздарды өтеу	6	-	-
Қаржылық қызметтен ақша қаражатының таза түсімі		25.669	21.200
Ақша қаражаты және баламаларының таза көбеюі/(азаяуы)		(308)	(3.214)
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	5	344	3.558
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	5	36	344

Ақшалай емес операциялар: 2021 жыл ішінде Компанияның «АКБ-Инвест» ЖШС алдындағы 51 мың теңге қарызы алынған несиелерге қайта жіктелді.

Есеп саясаты және түсіндірме ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі.

Компания Бас директоры атынан 2022 жылдың 8 маусым күні қол қойылып шығарылды:

Бас директор



[Signature]
Вострецова Н.А.

Бас бухгалтер

[Signature]
Едигеев А.П.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**1. ҚЫЗМЕТТІҢ СИПАТЫ**

«ПОЗИТИВ-А» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша – «Компания») 2003 жылы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды. Компанияның негізгі қызметі негізінен энергетика секторындағы орта және ұзақ мерзімді перспективалық даму жобаларына инвестициялау болып табылады.

Компанияның заңды мекен-жайы: 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Төлебаев көшесі, 174 үй. Компанияның нақты мекен-жайы: 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 43, 512 каб.

2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жалғыз акционері - Жилбаева Жумабике Алиевна, Қазақстан Республикасының резиденті.

Компания қызметкерлерінің жалпы саны 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 5 адамды құрады (2021 жылғы 31 желтоқсан - 5 адам).

Компания басшылығы 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін қаржылық есепті 2023 жылдың 8 маусым күні бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Осы қаржылық есеп берушілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес («ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есеп берушілік стандарттарына (бұдан әрі – ХҚЕС) сәйкес дайындалған.

Қаржылық есептілік «Есеп саясатының негізгі ережелері» бөлімінде көрсетілгендей, әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды қоспағанда, шығындарды есепке алудың тарихи принципіне сәйкес жасалды.

Бұл қаржылық есептілік, егер басқаша көрсетілмесе, мың теңгемен ұсынылған.

Қаржылық есептілікті ұсыну

Компания өтімділік тәртібімен қаржылық жағдай туралы есеп ұсынады.

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте жалпы түрде көрсетіледі. Қаржылық жағдай туралы есепте тек таза сальдоны бейнелей отырып, қаржы активтері мен міндеттемелерді өзара есепке алу өзара есепке алуды жүргізуге заңды бекітілген құқық және бір мезгілде міндеттемені реттеумен активті іске асыру ниеті болған кезде ғана жүзеге асырылады. Есепке алу құқығы келешектегі оқиғаға негізделмеуі тиіс және барлық келесі жағдайларда заңды күшке ие болуы тиіс:

- ▶ өдеттегі қызметтің барысында;
- ▶ міндеттемелер орындалмаған жағдайда; және
- ▶ ұйым немесе қарсы агенттердің біреуі дәрменсіз немесе банкрот болып қалған жағдайда.

Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілеті

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Компания 196.613 мың теңге мөлшерінде таза шығынға ұшырады, операциялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты 25.361 мың теңгені құрады. Есепті күнге Компанияның ағымдағы міндеттемелері оның ағымдағы активтерінен 411.185 мың теңгеге асып түсті, жинақталған шығын, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1.389.273 мың теңгені құрады.

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес Компанияның қызметін үздіксіз жалғастыру қағидатын ұстанады деген болжам негізінде жасалды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілеті (жалғасы)**

Бұл болжамның негізі, Компания басшылығының бағалауы бойынша, несие берушілер Компанияның осы қаржылық есептілігін шығарған күннен бастап 12 айдың ішінде қарызды төлеуді талап етпейтіндігіне байланысты. Осы мәлімдеме жасалған күнгі жағдай бойынша басшылық операциялық және инвестициялық қызметін қаржыландыру мақсатында қажет болған жағдайда акционерден қосымша қаражат тарту арқылы өз қызметін үздіксіз жүргізе алады деген жеткілікті негіздермен қанағаттандырылды. Бұл қаржылық есептілікке активтердің тіркелген сомаларын қалпына келтіруге және жіктеуге қатысты, немесе егер Компания өз қызметін тұрақты негізде жүзеге асыра алмайтын болса, қажет болуы мүмкін міндеттемелердің жіктелуіне қатысты түзетулер енгізілмеген.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ**Есеп саясатындағы өзгерістер**

Компания алғаш рет 2022 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қолданылатын белгілі бір стандарттар мен түзетулерді қабылдады. Компания шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді ерте қабылдаған жоқ.

Келесі стандарттар, түзетулер және жыл сайынғы жақсартулар 2022 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын есептік кезеңдер үшін күшіне енеді. Бұл түзетулер мен түсініктемелер Компанияның қаржылық есептілігіне әсер етпейді:

- 37-ші ХҚЕС-қа (IAS) түзетулер – *«Ауыртпалық салатын шарттар - шартты орындау шығындары»;*
- 3-ші ХҚЕС-қа (IFRS) түзетулер – *«Тұжырымдамалық негіздерге сілтемелер»;*
- 16-шы ХҚЕС-қа (IAS) түзетулер – *«Негізгі құралдар: мақсатты пайдалануға дейінгі түсімдер»;*
- *«Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану»* 1-ші ХҚЕС-ына түзету (IFRS) - *Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолданып отырған еншілес ұйым;*
- *«Қаржы құралдары»* 9-шы ХҚЕС-ына (IFRS) түзетулер – *қаржылық міндеттемелерді тану тоқтатылған жағдайда арналған «10% тест» жүргізу кезіндегі комиссиялық сыйақы;*
- *«Ауыл шаруашылығы»* 41-ші ХҚЕС-ына (IAS) түзету - *әділ құнды өлшеу кезіндегі салық салу»;*

Қаржы құралдарының әділ құны

Компания қаржы құралдарын пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағалайды (әрі қарай - «ПШӨҚ») және әділ құны өзгерген кезде олар басқа жиынтық кірістерде (бұдан әрі - «БЖКӨҚ») әр есепті күнге әділ құны бойынша бағаланады.

Әділ құн деген активті сатудан алынған немесе бағалау күні нарыққа қатысушылар арасында әдеттегі тәртіпте жасалатын мәміленің шеңберінде міндеттемені бергені үшін төленген құн болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле келесідей жүргізіледі деп болжайды:

- негізгі нарықта аталған актив немесе міндеттеме үшін; немесе
- негізгі нарық болмаған жағдайда, аталған актив немесе міндеттеме үшін барынша ыңғайлы нарықта.

Компанияның негізгі немесе барынша ыңғайлы нарыққа қол жетімділігі болуы тиіс.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)**

Активтің немесе міндеттеменің әділ құны активтің немесе міндеттеменің бағасын белгілеу кезінде нарыққа қатысушылар өздерінің үздік экономикалық мүдделерінде әрекет еткен жағдайда рынокқа қатысушылар пайдаланатын жорамалдарды пайдалана отырып бағаланады. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының экономикалық пайданы генерациялау қабілетін не активті ең жақсы және неғұрлым тиімді пайдалану арқылы не оны осы активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдаланатын басқа нарық қатысушысына сату арқылы назарға алады.

Компания қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті мәліметтерге қол жетімді, сонымен қатар, орынды бақыланатын бастапқы мәліметтерді ең көп қолдана отырып және бақыланбайтын бастапқы мәліметтерді ең аз қолдана отырып бағалау әдістемелерін қолданады.

Әділ құны қаржылық есеп берушілікте бағаланатын немесе ашып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер төменде сипатталған жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы мәліметтердің негізінде әділ құн көздері сатысының шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер мен міндеттемелер бойынша (қандай да бір баға белгілеусіз) актив нарығында нарықтық баға белгілеу.
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды бастапқы мәліметтері нарықта тура немесе жанама болып табылатын сатының ең төменгі деңгейіне жататын бағалау үлгілері.
- 3-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды бастапқы мәліметтері нарықта бақыланатын болып табылмайтын сатының ең төменгі деңгейіне жататын бағалау үлгілері.

Қайталанатын негізде қаржылық есептілікте қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Компания әрбір есепті кезеңнің соңына жіктемені қайта талдай отырып (тұтастай әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер негізінде) иерархия деңгейлері арасында оларды аудару қажеттілігін айқындайды

Қаржылық активтер мен міндеттемелер**Бастапқы тану***Мойындау күні*

Стандартты талаптарда қаржылық активтер мен міндеттемелерді сатып алу немесе сату мәміле жасалған күнге, яғни Компания активті немесе міндеттемені сатып алу бойынша өзіне міндеттемені алған күнге көрсетіледі. Стандартты шарттарда сатып алуға немесе сатуға ережелер немесе нарықта қабылданған келісімдерде белгіленген мерзімнің шегінде активтер мен міндеттемелерді жеткізу талап етілетін шарттың аясында қаржы активтері мен міндеттемелерді сатып алу немесе сату жатады.

Бастапқы бағалау

Бастапқы тану кезіндегі қаржы құралдарының жіктелуі келісімшарт талаптарына және құралдарды басқару үшін қолданылатын бизнес-модельге байланысты болады.

Қаржы құралдары бастапқыда мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, әділ құны бойынша бағаланады, егер қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер ПШӨҚ негізінде өлшенетін жағдайлардан

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қаржылық активтер мен міндеттемелер (жалғасы)****Бастапқы тану (жалғасы)**

Қаржы активтері мен міндеттемелерін бағалау категориялары

Компания активтерді басқару үшін пайдаланылатын бизнес-модельдің және активтердің шарттық талаптарының негізінде өзінің барлық қаржы активтерін:

- амортизацияланған құн;
- БЖКӨҚ;
- ПШӨҚ.

Компания туынды құралдары мен саудаға арналған құралдарды ПШӨҚ бойынша жіктейді және бағалайды. Компания, егер мұндай жіктеу бағалау немесе мойындау қағидаттарын қолданудың бірізділігін жоюға немесе айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік берсе, қаржы құралдарын ПШӨҚ бойынша бағаланатын ретінде өз қалауы бойынша жіктей алады.

Компания берілген қарыздарды амортизацияланған құны бойынша бағалайды, егер мынадай екі шарт орындалса ғана:

- қаржы активі шартта қарастырылған ақша ағындарын алу үшін қаржы активтерін ұстап қалу мақсаты болып табылатын бизнес-модель аясында ұсталатын болса;
- қаржы активінің келісімшарттық талаптары борыштың негізгі сомасы мен борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлемдер болып табылатын ақша ағындарының көрсетілген күндері туралы анықтайды (SPPI).

Бұл шарттар төменде толығырақ қарастырылады.

Бизнес-модельді бағалау

Компания бизнес-модельді бизнестің белгілі бір мақсатына қол жеткізу үшін топтарға біріктірілген қаржы активтерін басқарудың қалай жүзеге асырылатынын жақсы көрсететін деңгейде анықтайды.

Компанияның бизнес-моделі жеке құралдар деңгейінде емес, портфельдерді біріктірудің неғұрлым жоғары деңгейінде бағаланады және олар:

- бизнес-модельдің нәтижелілігі және осы бизнес-модель аясында ұсталатын қаржы активтерінің табыстылығы қалай бағаланады және бұл ақпарат ұйымның негізгі басқарушы қызметкерлеріне қалай хабарланады;
- бизнес-модельдің нәтижелілігіне (және осы бизнес-модельдің аясында ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігіне) және атап айтқанда, осы тәуекелдерді басқару тәсіліне әсер ететін тәуекелдер;
- бизнесті басқаратын менеджерлер қалай сыйақы алады (мысалы, сыйақы басқарылатын активтердің өділ құнына немесе шартта қарастырылған алынған ақша ағындарына негізделді ме);
- күтілетін сату жиілігі, көлемі мен мерзімдері Компанияның бизнес-моделін бағалауда маңызды аспектілер болып табылады.

Бизнес-модельді бағалау «ең нашар» немесе «стресстік» сценарийлерді ескерместен, пайда болуы негізді күтілетін сценарийлерге негізделген. Егер ақша ағындары бастапқы танудан кейін Компанияның күтуінен өзгеше тәсілмен іске асырылса, Компания осы бизнес-модельдің аясында ұсталатын қалған қаржы активтерінің сыныптамасын өзгертпейді, бірақ кейіннен мұндай ақпаратты жақында құрылған немесе жақында сатып алынған қаржы активтерін бағалау кезінде назарға алады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қаржылық активтер мен міндеттемелер (жалғасы)****Бастапқы тану (жалғасы)**

«Тек қарыздың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыш пен пайданың негізгі сомасының есебіне ғана төлемдер» сынағы (SPPI сынағы)

Жіктеу үдерісінің екінші кезеңінің аясында Компания актив бойынша шартта көзделген ақша ағындары борыштың негізгі сомасы мен борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне (SPPI сынағы) қарыздың негізгі сомасының есебіне тек қана төлемдер болып табылатынын анықтау үшін қаржылық активтің шарттық талаптарын бағалайды

Осы сынақтың мақсаттары үшін «борыштың негізгі сомасы» бастапқы тану кезінде қаржылық активтің әділ құнын білдіреді және ол осы қаржылық активтің қолданылу мерзімінің ішінде өзгеруі мүмкін (мысалы, егер негізгі соманы өтеу немесе сыйлықақы/дисконттың амортизациясы бойынша төлемдер жүргізілсе).

Несиелік келісім бойынша пайыздың маңызды элементтері, әдетте ақшаның уақытша құнын өтеу және несиелік тәуекелді өтеу болып табылады. SPPI тестін өткізу үшін Компания пайымдау жасайды және тиісті факторларды талдайды, мысалы, қаржылық актив қандай валютада көрсетілген және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезең.

Сонымен бірге, базалық несиелік келісімге байланысты емес, шартта қарастырылған ақша ағындарының тәуекелдерге ұшырауына немесе құбылмалылығына елеусіз әсер ететін шарттық шарттар борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыш пен пайданың негізгі сомасының есебіне тек қана төлем болып табылатын, шартта қарастырылған ақша ағындарының туындауына себепші болмайды. Мұндай жағдайларда қаржы активін ПШӨҚ бойынша бағалау қажет.

БЖКӨҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар

Кейде Компания үлестік құралдарға кейбір инвестицияларды бастапқыда тану кезінде, егер олар «Қаржы құралдары: ұсыну» ҚЕХС (IAS) 32 сай үлестік құралды айқындауға жауап беретін болса және саудаға арналмаса, оларды БЖКӨҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар ретінде жіктеуге, оны кейіннен күшін жою құқығынсыз шешім қабылдайды. Мұндай жіктеу туралы шешім әрбір құрал бойынша жеке қабылданады.

Мұндай үлестік құралдар бойынша пайда мен шығындар ешқашан пайда немесе шығынның құрамына қайта жіктелмейді. Компания осындай түсімдерден осындай құралдың бастапқы құнының бір бөлігін өтеу ретінде пайда алатын жағдайларды қоспағанда, дивидендтерді алу құқығы белгіленген кезде, дивидендтер өзге де кіріс ретінде пайда немесе шығын құрамында танылады. Мұндай жағдайда пайда БЖК құрамында танылады. БЖКӨҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар құнсыздану мәніне бағалауға жатпайды. Мұндай құралдар істен шыққан кезде қайта бағалау бойынша жинақталған резерв бөлінбеген пайданың құрамына көшіріледі.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер (несиелер мен қарыздар)

Бұл санат Компания үшін ең маңызды болып табылады. Бастапқы танудан кейін пайыздық несиелер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Осындай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар тануды тоқтатқан кезде пайдада немесе шығында танылады және амортизация тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша есептеледі. Амортизацияланған құн тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын дисконттарды немесе сатып алу бойынша сыйлықақыларды, сондай-ақ комиссияларды немесе шығыстарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеменің амортизациясы пайда мен шығын туралы есепте қаржыландыру шығындарына қосылады. Бұл категорияға негізінен пайыздық несиелер мен қарыздар кіреді. Толық ақпарат 10-ескертпеде келтірілген.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қаржы активтері мен міндеттемелерін қайта жіктеу**

Компания қаржы активтерін басқарудың бизнес-моделін өзгертетін ерекше жағдайларды қоспағанда, қаржы активтерін бастапқыда танығаннан кейін қайта сыныптамайды. Қаржылық міндеттемелер ешқашан қайта жіктелмейді. 2021 жылы Компания қаржы активтері мен міндеттемелерін қайта жіктемеген.

Ақшалай қаражаттар мен олардың баламалары

Ақша қаражаты мен олардың баламаларына ақша қаражаты және туындаған күннен бастап тоқсан күннің ішінде өтеу мерзімі бар, қандай да бір шарттық міндеттемелермен ауыртпалық салынбаған коммерциялық банкттердегі қаражат кіреді.

Қаржы активтерін өзара есепке алу

Қаржылық жағдай туралы есепте тек таза сальдоны көрсете отырып, қаржылық активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу міндеттемені реттеумен бір мезгілде өзара есепке алуды жүргізу заңды түрде бекітілген құқығы және активті іске асыру ниеті болған кезде ғана жүзеге асырылады. Есепке алуды жүргізу құқығы болашақта оқиғамен байланысты болмауы тиіс және барлық мынадай жағдайларда:

- әдеттегі қызмет барысында;
- дефолт жағдайында; және
- ұйымның немесе контрагенттердің біреуі қауқарсыз немесе банкрот болған жағдайда заңды күшінің болуы тиіс.

Бұл шарттар, әдетте, өзара есеп айырысу туралы бас келісімдерге қатысты орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте толық сомада көрсетіледі.

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді тануды тоқтату**Қаржылық активтер**

Қаржылық актив (немесе, қолданылатын жерде – қаржылық активтің бір бөлігі немесе ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігі), қаржылық жағдай туралы есепте танылуы тоқталады, егер:

- активтен ақша ағындарын алуға құқықтардың қолданылу мерзімі аяқталса;
- Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын берсе немесе алынған ақша ағындарын «транзиттік» келісімнің талаптарымен үшінші тарапқа елеулі кідіріссіз толық аудару міндеттемесін қабылдаса; сондай-ақ
- Компания (а) активтен болған барлық тәуекелдер мен пайданы іс жүзінде берсе, немесе (б) активтен болған барлық тәуекелдер мен пайданы бермесе, бірақ осы активке бақылауды берсе.

Егер Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын берсе, бірақ бұл ретте оған байланысты іс жүзінде барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, өзінде сақтаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, мұндай актив Компанияның осы активке жалғасып отырған қатысуының шегінде есепте көрсетіледі. Берілген актив бойынша кепілдік нысаны бар активке қатысуды жалғастыру активтің бастапқы теңгерімдік құнының ең аз мәні және Компанияда төлеуге ұсынылуы мүмкін ең көп өтем мөлшері бойынша бағаланады. Егер активке жалғасатын қатысу берілетін активке сатылған және/немесе сатып алынған опционның нысанын (нетто-негізде ақша қаражатымен жүргізілетін опционды немесе ұқсас құралды қоса алғанда) қабылдаса, Компанияның жалғасатын қатысу мөлшері – әділ құны бойынша бағаланатын актив бойынша сатуға сатылған пут-опционды (нетто-негізде ақша қаражатымен жүргізілетін опционды немесе ұқсас құралды қоса алғанда) қоспағанда, Компания сатып алуына мүмкіндік берілетін активтің құны болып табылады. Бұл жағдайда Компанияның жалғасатын қатысуының мөлшері екі шаманың ең азы ретінде анықталады: берілетін активтің әділ құны және опционды орындау бағасы.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қаржылық активтер мен міндеттемелер (жалғасы)****Қаржылық активтер мен міндеттемелерді тануды тоқтату (жалғасы)***Есептен шығару*

Қаржы активтері тек Компания олардың құнын өтеуді күтпеген кезде ғана ішінара немесе толығымен есептен шығарылады. Егер есептен шығаруға жататын сома құнсыздануға жинақталған резервтің шамасынан жоғары болса, онда айырма алдымен резервтің ұлғаюы ретінде ескеріледі, ол содан кейін жалпы теңгерімдік құнға қолданылады. Кез келген кейінгі қалпына келтіру несиелік шығындар бойынша шығыстарға жатқызылады. Есептен шығару тануды тоқтату болып табылады.

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттемені тану тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі өткен жағдайда тоқтатылады.

Қолда бар бір қаржылық міндеттемені сол несие берушінің алдындағы басқа міндеттемемен елеулі өзгеше шарттарда ауыстырған кезде немесе қолда бар міндеттеме талаптарына елеулі өзгерістер енгізілген жағдайда, бастапқы міндеттеме есептен шығарылады, ал жаңа міндеттеме пайда немесе шығын құрамындағы міндеттемелердің теңгерімдік құнындағы айырманы мойындай отырып, есепте көрсетіледі.

Салықтар*Ағымдағы табыс салығы*

Ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарынан өтелуге немесе салық органдарына төлеуге болжанып отырған сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы бұл есепті күнге Компания өзінің қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын табыс алатын елдерде қабылданған немесе іс жүзінде қабылданған мөлшерлемелер мен заңнама. Тікелей капиталда танылған баптарға қатысты пайда салығы пайда немесе шығын туралы есепте емес, капитал құрамында танылады. Ұйымның басшылығы салық декларациясында көрсетілген ұстанымдарды кезең-кезеңімен бағалайды, олар үшін тиісті салық заңнамасы әр түрлі түсіндірілуі мүмкін және қажет болған кезде есептелген міндеттемелерді жасайды.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық міндеттеме әдісіне сәйкес қаржылық есептіліктің мақсаттары үшін активтер мен міндеттемелердің салықтық базасы мен олардың балансы арасындағы уақытша айырмашылықты анықтау арқылы есептеледі. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мына жағдайларды қоспағанда танылады:

- кейінге қалдырылған салық міндеттемесі гудвилді, активті немесе міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде, бизнесті біріктіру емес мәмілелер барысында пайда болады және операцияларды жасау кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалдарға әсер етпейді;
- еншілес компанияларға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке үлестермен қатысуға инвестициялармен байланысты салық салынатын уақыт айырмашылықтарына қатысты егер уақыт айырмасының уақыттың азайып бөлінуін бақылау мүмкін болса және уақыт айырмасы таяу болашақта азаймайтындығына елеулі мүмкіндік бар болса.

Кейінге қалдырылған салық активтері барлық шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары бойынша салық салынатын пайда бар дәрежеде танылады, оған қарсы шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары мына жағдайларды қоспағанда есептелуі мүмкін:

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Салықтар (жалғасы)***Кейінге қалдырылған салық (жалғасы)*

- шегерілетін уақыт айырмасына жататын кейінге қалдырылған салық активі бизнесті біріктіру салдарынан тумаған болса және ол операцияны жасау кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалдарға да әсер етпейтін активті немесе міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде туындаса;
- еншілес компанияларға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке улестермен қатысуға инвестициялармен байланысты шегерілетін уақыт айырмаларына қатысты салық активтері таяу болашақта уақыт айырмашылықтары пайдаланылуы және салық салынатын пайда болуы мүмкін екендігі елеулі бар дәреже ғана танылады, уақыт айырмашылықтары оған қарсы пайдаланылуы мүмкін

Кейінге қалдырылған салық активтерінің теңгерімдік құны әрбір есепті күнге қайта қаралады және кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығы немесе бір бөлігі жеткілікті салық салынатын пайда деңгейінде кемітіледі. Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда ұзартылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік беруі елеулі мүмкіндігі пайда болатын дәрежеде танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері және міндеттемелер есепті күнге жағдай бойынша қабылданған немесе іс жүзінде қабылданған активтер өткізілген, ал міндеттеме өтелген есепті жылы қолданылуы мүмкін салық мөлшерлемелері (және салық заңнамасы) бойынша бағаланады.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған шығындарды шегере отырып, күнделікті қызмет көрсетуге арналған шығындарды есепке алмай, нақты құны бойынша көрсетіледі. Мұндай құн, егер олар тану белгілеріне сай келсе, жұмсалған факті бойынша танылатын жабдықты ауыстыруға байланысты шығындарды қамтиды.

Негізгі құралдардың теңгерімдік құны осы активтің теңгерімдік құнын өтеу мүмкін еместігін көрсететін мәнжайларда оқиғалар немесе өзгерістер туындаған жағдайда құнсыздану мәніне бағаланады.

Пайдалану үшін қол жетімді болған кезде активтің амортизациясы басталады. Амортизация активтердің келесі пайдалы қызмет мерзімінің ішінде түзу әдіспен есептеледі, активтердің қалдық құны, пайдалы қызмет мерзімі және амортизация әдістері әр есепті жылдың соңында талданады және қажет болған жағдайда түзетіледі.

Негізгі құралдардың жіктелуі	пайдалану мерзімі, жыл
Көлік құралдары	10
Басқалар	10

Жөндеу және қайта құру шығындары олар туындаған кезде шығындарға жатқызылады және олар капиталдандырылмаса, басқа операциялық шығындарға қосылады.

Жалдау

Келісім-шарт жасасу кезінде Компания келісім шарттың жалдау екендігін немесе оның жалдау белгілері бар-жоғын бағалайды. Басқаша айтқанда, Компания келісімшарттың белгілі бір мерзімге өтемақы орнына белгілі активті пайдалануды бақылау құқығын беретін-бермегенін анықтайды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**Жалдау (жалғасы)**

Компания жалға алушы ретінде

Компания қысқа мерзімді жалдау және бағасы төмен активтерді жалдауды қоспағанда, барлық жалдауды тануға және бағалауға біртұтас тәсіл қолданады. Компания жалдау төлемдерін және негізгі құралдарды пайдалану құқығын білдіретін пайдалану құқығын жүзеге асыру үшін жалдау міндеттемелерін таниды.

Қысқа мерзімді жалдау және төмен құны бар активтерді жалдау

Компания қысқа мерзімді жалдау шарттарына қысқа мерзімді жалдау үшін танудан босатуды қолданады (яғни жалдау мерзімі басталған кезде жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын және негізгі активті сатып алу мүмкіндігі жоқ келісімдерге). Қысқа мерзімді жалдау төлемдері мен құндылығы төмен активтерді жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішінде тікелей негізде шығын ретінде танылады.

Бағалау міндеттемелері

Егер Компания өткен кезеңдегі белгілі бір оқиғалардың нәтижесінде заңды немесе практикалық міндеттемелерге ие болса, оларды өтеу болашақтағы экономикалық пайдасы бар ресурстарды шығаруды талап ететін және жеткілікті сенімділік деңгейімен бағалануы мүмкін болған жағдайда бағалау міндеттемелері танылады.

Қызметкерлерге төленетін сыйақылар

Компания қызметкерлерінің жалақысының 10% -ын мемлекеттік зейнетақы қорына салым ретінде ұстайды.

Акционерлік капитал

Қарапайым акциялар капитал құрамында танылады. Жаңа акциялар шығарумен тікелей байланысты үшінші тұлғаларға қызметтерге ақы төлеу шығындары, бизнесті біріктіруді қоспағанда, осы шығарылым нәтижесінде алынған соманың төмендеуі ретінде капиталда көрсетіледі. Алынған сыйақының әділ құнының шығарылған акциялардың номиналды құнынан асып кетуі қосымша капитал ретінде танылады.

Дивидендтер

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

Шартты активтер мен міндеттемелер

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте бейнеленбейді, мұндайда оларды өтеуге байланысты ресурстардың шығарылуы күмәнді болып табылатын жағдайларды қоспағанда олар туралы ақпарат қаржылық есептілікте ашылады. Шартты активтер қаржылық жағдай туралы есепте бейнеленбейді, мұндайда оларға байланысты экономикалық пайданы алу мүмкін болып табылатын жағдайларда олар туралы ақпарат қаржылық есептілікте ашылады.

Кірістер мен шығыстарды тану

Егер Компания экономикалық тиімділікке ие болу ықтималдығы жоғары болса және кірісті сенімді өлшеуге болатын болса, кіріс танылады. Қаржылық есептілікте кірісті тану үшін келесі критерийлер орындалуы керек:

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)**3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Пайыздар және ұқсас кірістер мен шығыстар**

